

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5835 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 184 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.30 № 184 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3228 болып тіркелген) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 69 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4118 болып тіркелген), "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 21 маусымдағы N 185 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4794 болып тіркелген), "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 327 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5064 болып тіркелген, (2008 жылғы 25 қаңтардағы N 12 (1238) "Заң газеті" газетінде жарияланған) бұйрығымен

енгізілген толықтырулар және өзгерістермен бірге) мынадай өзгерістер мен
толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н : "

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің түзеу мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмысын
ұйымдастыру туралы нұсқаулықта:

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей, ал өзге
негіздер бойынша босатылу кезінде, босатылғаннан кейін бір жұмыс күнінің
ішінде оның таңдаған мекен-жайы бойынша қалалық (аудандық) ішкі істер
органдарына хабарлама (10-қосымша) жіберіледі."

10 - қ о с ы м ш а д а :

"босатылатын", "босатылады" деген сөздерден кейін тиісінше "(босатылған)"
және ", босатылды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі Қазақстан Республикасының
Р. Түсіпбеков

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының

Б а с п р о к у р о р ы

Қ. Мәми

2009 жылғы 28 қыркүйек